

"Микрокредиттік ұйымдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 16 қыркүйек N 1018

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Микрокредиттік ұйымдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы
Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

"Микрокредиттік ұйымдар туралы"
Қазақстан Республикасының Заңы

Осы Заң кәсіпкерлік қызметтің түрі ретінде микрокредиттерді беру бойынша қызметті жүзеге асыруға байланысты қарым-қатынастарды реттейді және коммерциялық және коммерциялық емес микрокредиттік ұйымдардың құқықтық жағдайының, құру, қызмет, қайта ұйымдастыру және тарату ерекшеліктерін белгілейді.

1 - т а р а у . Ж А Л П Ы Е Р Е Ж Е Л Е Р

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) микрокредиттік ұйым - осы Заңда белгіленген тәртіппен микрокредиттерді беру бойынша қызметті жүзеге асыру үшін құрылған заңды тұлға;
- 2) микрокредит - микрокредиттік ұйымның заемшыларға осы Заңда белгіленген мөлшерде және тәртіппен беретін ақшасы;
- 3) микрокредит бойынша заемшы (бұдан әрі - заемшы) - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын жеке тұлға, сондай-ақ заңды тұлға.

2-бап. Микрокредиттік ұйымдар туралы заңдар

1. Микрокредиттік ұйымдарды құру тәртібі және қызметі туралы заңдар Қазақстан Республикасының К951000_ Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасының Азаматтық К941000_ кодексінен, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Шаруашылық серіктестігінің, коммерциялық емес ұйымдардың, оның ішінде қоғамдық бірлестіктердің және қорлардың қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңдары осы Заңда реттелмеген бөлігінде микрокредиттік ұйымдарға т а р а л а д ы .

3. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда осы Заңда көзделгеннен басқа ережелер белгіленсе, халықаралық шарт ережесі қолданылады.

3-бап. Уәкілетсіз қызметке және шындыққа сәйкес келмейтін жарнамаға т ы й ы м с а л у

1. Микрокредиттік ұйым ретінде тіркелмеген заңды тұлғаның:

1) банктерден, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан басқа, микрокредиттерді беру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға;

2) өз атауында, құжаттарда, хабарландыру мен жарнамада "микрокредиттік ұйым", "МКҰ" деген сөздерді немесе ол микрокредиттерді беру бойынша қызметті жүзеге асыратындығын болжайтын олардың туынды сөздерін пайдалануға құқығы жоқ.

2. Микрокредиттік ұйымдарға жариялау күніне шындыққа сәйкес келмейтін қызметі жөнінде жарнамалауға тыйым салынады.

2-тарау. МИКРОКРЕДИТТЕРДІ БЕРУ

4-бап. Микрокредиттерді беру

1. Микрокредиттік ұйым бір заемшыға тиісті қаржы жылына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген айлық есеп айырысу көрсеткішінің бір мың есе мөлшерінен аспайтын, бірақ бір заемшыға микрокредиттік ұйымның меншік капиталы мөлшерінің жиырма бес процентінен аспайтын мөлшерде микрокредиттер б е р е д і .

2. Осы Заң талаптарын сақтай отырып, микрокредитті берудің тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасының заңдарына және микрокредитті беру туралы шартқа сәйкес қалыптасатын, микрокредиттік ұйымның жоғары органы бекіткен микрокредиттерді беру ережесінде белгіленеді.

Микрокредитті берген кезде төлем жасау, мерзімділік және қайтару шарттары
с а қ т а л у ы т и і с .

Микрокредиттік ұйым өз қызметін микрокредиттерді беру ережесі болған кезде
ғ а н а жү з е г е а с ы р у ғ а қ ұ қ ы л ы .

3. Берілген микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы ставкасы

микрокредитті беру мерзіміне қарамастан, бір жылға қайта есептегенде
көрсетіледі.

5-бап. Микрокредиттік пайдалану мақсаты және оны беру жөніндегі құжаттарды ресімдеу

1. Микрокредит Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін
мақсатта пайдаланыла алады.

2. Микрокредиттік ұйым микрокредитті мақсатты пайдалануға бақылауды
микрокредиттік ұйым және заемшы арасындағы келісім бойынша жүзеге асырады.

3. Микрокредиттеу шарты жазбаша нысанда жасалады, оның бір данасын
микрокредиттік ұйым заемшының кредиттік құжаттар папкасында сақтайды.

4. Микрокредиттеу шартында міндетті түрде мыналар болуы тиіс:

1) микрокредиттік ұйымның және оның заемшының толық атауын қоса
алғанда, микрокредиттік ұйым және заемшы туралы мәліметтер;

2) микрокредиттің мақсаты (мақсатты кредитті берген кезде);

3) берілетін микрокредиттің жалпы сомасы;

4) микрокредитті өтеу мерзімі;

5) микрокредитті өтеу тәсілі (бір мезгілде не бөлек-бөлек);

6) қамтамасыз ету тәсілдері (ол болған кезде);

7) сыйақы ставкаларының мөлшері, оның ішінде микрокредит бойынша
жылдық сыйақы ставкасының мөлшері.

6-бап. Микрокредитті беру туралы шартқа қатысушылардың міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету тәсілдері

1. Микрокредитті беру туралы шартқа қатысушылардың міндеттемелерін
орындауы Қазақстан Республикасының заң актілерінде немесе микрокредитті беру
туралы шартта көзделген тәсілдермен қамтамасыз етіледі.

2. Заемшының берілген микрокредит бойынша міндеттемелерін қамтамасыз ету
ретінде микрокредиттік ұйымның кепіліне берілетін мүлік Қазақстан Республикасының
заңдарында көзделген тәртіппен бағалануы тиіс.

7-бап. Микрокредиттік ұйымның құқықтары мен міндеттері

1. Микрокредиттік ұйым:

1) қамтамасыз ете отырып не қамтамасыз етудің микрокредиттерді беруге, оның ішінде берілген микрокредит үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен және талаптарда мүлікті кепілге қабылдауға;

2) Қазақстан Республикасының заңдарына және микрокредитті беру туралы шарт талаптарына сәйкес өзге де құқықтарға ие болуға құқылы.

2. Микрокредиттік ұйым:

1) орналасқан жері немесе атауы өзгерген жағдайда заемшыларды, мұндай өзгерістер болған күннен бастап отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде хабарландыру жариялау арқылы немесе микрокредиттік ұйым белгілеген өзге де тәсілмен хабардар етуге;

2) микрокредиттерді беру ережесінің көшірмесін оны көруге және танысуға мүмкін болатын жерде орналастыруға;

3) заемшы микрокредитті алғанға дейін микрокредитті алуға және оған

қызмет көрсетуге байланысты шығындар туралы оған хабардар етуге;

4) заемшыны микрокредитті алуға байланысты оның құқықтары мен міндеттері туралы хабардар етуге;

5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де талаптарды сақтауға міндетті.

8-бап. Заемшының құқықтары мен міндеттері

1. Заемшы:

1) микрокредиттік ұйымның микрокредиттерді беру ережесімен танысуға;

2) егер өзгеше микрокредитті беру туралы шартта көзделмесе, алған микрокредитті өз қарауына қарай пайдалануға;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де құқықтарға ие болуға құқылы.

2. Заемшы:

1) алған микрокредитті қайтаруға және ол бойынша есептелген сыйақыны

микрокредитті беру туралы шартта белгіленген мерзімде және тәртіппен төлеуге;

2) микрокредит ұйымы осы Заңға сәйкес сұрататын құжаттар мен мәліметтерді беруге;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де талаптарды орындауға міндетті.

9-бап. Микрокредитті беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді тоқтату

Микрокредитті беру туралы шарт бойынша міндеттемелер Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негіздемелер бойынша тоқтатылады.

3-тарау. МИКРОКРЕДИТТІК ҰЙЫМДАРДЫ ҚҰРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

10-бап. Микрокредиттік ұйымның құқықтық жағдайы

1. Коммерциялық микрокредиттік ұйым шаруашылық серіктестік нысанында құрылуы мүмкін.

2. Коммерциялық емес микрокредиттік ұйым қоғамдық қор нысанында құрылуы мүмкін. Коммерциялық емес микрокредиттік ұйым ерекше жағдайда шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын жеке және заңды тұлғалардың қызметтерін қамтамасыз ету мақсатында және осы Заңға сәйкес оларға қаржылық қолдау көрсету мақсатында құрылады.

Көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін коммерциялық емес микрокредиттік ұйым микрокредиттер беру бойынша кәсіпкерлік қызметті және осы Заңда көзделген қызметтің қосымша түрлерін жүзеге асыруға құқылы. Коммерциялық емес микрокредиттік ұйымдардың табысы мүшелер (қатысушылар) арасында бөлінбейді және осы Заңда көзделген қызмет мақсатына жіберіледі.

3. Микрокредиттік ұйымға бағалы қағаздарды шығаруға тыйым салынады.

11-бап. Микрокредиттік ұйымның жарғылық капиталын қалыптастыру

1. Микрокредиттік ұйымның құрылтайшылары (қатысушылары) құрылатын микрокредиттік ұйымның жарғылық капиталының ең төменгі мөлшерін оны мемлекеттік тіркеу сәтіне тек қана Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы ақшамен толық төлеуге міндетті.

2. Құрылатын микрокредиттік ұйымның жарғылық капиталының және барлық қатысушылар салымдарының ең төменгі мөлшері тиісті қаржы жылына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген айлық есеп айырысу көрсеткішінің бір мың есе мөлшерінен кем болмауы тиіс.

3. Осы баптың талаптары коммерциялық емес микрокредиттік ұйымдарға таратылмайды.

12-бап. Микрокредиттік ұйымның атауы

1. Микрокредиттік ұйымның толық атауында "микрокредиттік ұйым" деген сөздер немесе олардың туынды сөздері міндетті түрде болуы тиіс.

2. Микрокредиттік ұйымның қысқартылған атауында "МКҰ" аббревиатурасы міндетті түрде болуы тиіс.

13-бап. Микрокредиттерді беру ережесі

Микрокредиттерді беру ережесінде мынадай мәліметтер қамтылуы тиіс:

- 1) микрокредиттерді беру мерзімі;
- 2) берілетін микрокредиттер бойынша сыйақы ставкаларының шектеулі көлемі;
- 3) берілген микрокредиттер бойынша сыйақыны төлеу тәртібі;
- 4) микрокредиттік ұйым қабылдап алатын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар (ол болғанда);

Микрокредиттерді беру ережесінде микрокредиттерді берудің өзге талаптары және Қазақстан Республикасының заң талаптарына қайшы келмейтін мәліметтер болуы мүмкін.

14-бап. Ішкі бақылау қызметі

1. Микрокредиттік ұйымның өзінің қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жасауы үшін ішкі бақылау қызметі құрылуы тиіс.

2. Микрокредиттік ұйымның ішкі бақылау қызметінің жұмыс тәртібін микрокредиттік ұйымның ішкі құжаттары белгілейді.

15-бап. Микрокредиттік ұйымдар қызметінің қосымша түрлері

Микрокредиттік ұйымдар микрокредиттерді беру бойынша қызметті жүзеге асыруға қосымша мынадай қызмет түрлерін жүзеге асыра алады:

1) Қазақстан Республикасының резиденттерінен және резидент еместерінен заемдар мен гранттар тарту;

2) уақытша еркін активтерді мемлекеттік бағалы қағаздарға,

корпоративті бағалы қағаздарға, екінші деңгейдегі банктердің депозиттеріне және Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да тәсілдермен орналастыру;

3) микрокредитті қамтамасыз ету ретінде алынған кепілге салынған мүлікпен Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен мәмілелерді жасау;

4) басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу;

5) өзінің мүлкін сату;

6) микрокредиттеу қызметіне байланысты мәселелер бойынша консультациялық қызмет көрсету;

7) өзінің мүлкін жалға беру;

8) лизинг қызметін жүзеге асыру;

9) өтеусіз негізде оқыту.

16-бап. Берілген микрокредит бойынша құжаттаманы жүргізу тәртібі

1. Микрокредиттік ұйым әрбір берілген микрокредитті заемшылардың

тіркеу журналында тіркейді.

2. Микрокредит алу үшін заемшы осы баптың 3-тармағында көзделген құжаттарды ұсынады.

3. Микрокредиттік ұйым әрбір берілген микрокредит бойынша микрокредитті беру туралы шартқа қол қойылған күннен бастап жасалатын кредиттік құжаттар папкасын жүргізуге тиіс.

Кредиттік құжаттар папкасында мыналар болуы тиіс:

1) заемшы қол қойған өтініш, онда микрокредитті пайдалану мақсаты (мақсатты микрокредит берілген жағдайда), микрокредитті қайтарудың қамтамасыз етуі ретінде берілуі мүмкін құны көрсетілген мүлік туралы не қамтамасыз етудің болмауы туралы мәліметтер болады;

2) заемшының (заңды тұлғалар үшін) белгіленген тәртіппен расталған құрылтай құжаттарының көшірмелері;

3) заемшының (жеке тұлғалар үшін) жеке басын куәландыратын куәліктің көшірмесі;

4) заемшының атынан микрокредитті беру туралы шартқа қол қоятын тұлғаның, егер осы тұлға заемшының өкілі болып табылса, өкілеттігін растайтын құжаттар;

5) жасалған микрокредитті беру туралы шарттың түпнұсқасы;

6) заемшының жұмыс орнынан еңбекақының мөлшері жөніндегі анықтама не уәкілетті мемлекеттік органның тұрақты немесе уақытша жұмыс орнының болмауы жөніндегі анықтама (жеке тұлғалар үшін).

4. Егер берілген микрокредит мүлік кепілімен қамтамасыз етілсе, кредиттік құжаттар папкасында мынадай құжаттар болуы тиіс:

1) жасалған кепіл туралы шарттың түпнұсқасы;

2) кепілге салынған мүліктің құнын бағалау жөніндегі құжат.

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда, мемлекеттік тіркеуге алынатын мүлік кепілі осы мүлікті тіркеуді жүзеге асыратын органда тіркелуі тиіс.

5. Міндеттемесін орындау кепілмен немесе кепіл берумен қамтамасыз етілген микрокредит бойынша кредиттік құжаттар папкасына мынадай қосымша құжаттар қоса беріледі:

1) кепіл шартының немесе кепіл беру шартының түпнұсқасы;

2) кепіл атынан кепіл шартына немесе кепіл беруші атынан кепіл беру шартына қол қоятын тұлғаның өкілеттігін растайтын құжаттар.

6. Микрокредит бойынша берешекті толық немесе ішінара өтеу фактісін растайтын құжаттар кредиттік құжаттар папкасына қоса берілуі және микрокредитті өтеу көзін (заемшы аударған не кепілге салынған мүлікті сатудан түскен ақша) көрсетуі тиіс.

7. Микрокредиттік ұйым заемшыдан осы Заңға сәйкес кредиттік құжаттар папкасын жүргізуге қажетті қосымша ақпаратты сұратуға құқылы.

17-бап. Микрокредитті беру құпиясы

1. Микрокредитті беру құпиясына заемшылар, микрокредиттердің мөлшері, заемшыға қатысты микрокредитті беру туралы шарттың өзге де талаптары туралы және микрокредиттік ұйымның операциялары жөнінде (микрокредиттерді беру ережесінен басқасы) мәліметтер кіреді.

Микрокредиттерді беру құпиясына тарату барысындағы микрокредиттік ұйым жасаған микрокредитті беру туралы шарттары жөніндегі мәліметтер жатпайды.

2. Микрокредиттік ұйымдар микрокредиттеу құпиясына кепілдік береді.

3. Микрокредитті беру құпиясы заемшыға, кез келген үшінші тұлғаға және заемшының жазбаша келісімі негізінде, сондай-ақ төменде көрсетілген негіздемелер бойынша осы баптың 4-5-тармақтарында көрсетілген тұлғаларға ашылуы мүмкін.

4. Заемшылар, микрокредит мөлшері туралы, заемшыға қатысты микрокредитті беру туралы шарттың өзге де талаптары, микрокредиттік ұйым жүргізетін операциялар жөніндегі мәліметтер:

1) жауап алу және алдын ала тергеу органдарына: бірінші басшы немесе тергеуші қол қойған, жауап алу немесе алдын ала тергеу органының мөрімен расталған және прокурор рұқсат берген жазбаша сұрату негізінде оларда қаралып жатқан қылмыстық істер бойынша;

2) соттарға: соттың белгілеуі, қаулысы, шешімі және үкімі негізінде оларда қаралып жатқан істер бойынша;

3) прокурорға: оның қарауындағы материал бойынша, оның құзыреті

шегінде, тексеру жүргізу туралы қаулысы негізінде;

4) салық органдарына: нұсқау негізінде тексерілетін тұлғаға салық салу мәселелері бойынша;

5) заемшының өкілдеріне: нотариат куәландырған сенімхат негізінде беріледі.

5. Сондай-ақ осы баптың 4-тармағында көзделген тұлғаларды қоспағанда, заемшы қайтыс болған жағдайда, заемшы, микрокредит мөлшері, заемшыға қатысты микрокредит беру шартының өзге де талаптары жөніндегі мәліметтер жазбаша сұрату негізінде:

1) заемшы өсиетінде көрсеткен тұлғаларға;

2) нотариустарға: оларда қаралып жатқан мұрагерлік істер бойынша;

3) шетелдік консулдық мекемелерге: оларда қаралып жатқан мұрагерлік істер бойынша беріледі.

18-бап. Есепке алу және есеп беру

1. Микрокредиттік ұйым Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес өзі жүргізетін операцияларды е с е п к е а л а д ы .

2. Микрокредиттік ұйымның салық есебін қоспағанда, қаржылық және өзге де есептің тізбесін, нысандарын және ұсыну мерзімін олардың құзыретіне сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдар белгілейді.

3. Микрокредиттік ұйым салық есебін Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес ұсынады.

19-бап. Құжаттарды сақтау

Микрокредиттік ұйым оның қызметіне байланысты құжаттарды Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес есепке алуды және сақтауды қамтамасыз етуге міндетті.

20-бап. Микрокредиттік ұйымдарды қайта ұйымдастыру және тарату
Микрокредиттік ұйымды қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

4-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

21-бап. Микрокредиттік ұйымдардың қызметіне мемлекеттік бақылау

Микрокредиттік ұйымдардың қызметіне мемлекеттік бақылауды

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен мемлекеттік органдар және осыған Қазақстан Республикасының заңдары арнайы құқық берген лауазымды тұлғалар жүзеге асырады.

22-бап. Осы Заңды күшіне енгізу тәртібі

1. Осы Заң жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

2. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тіркелген және микрокредиттерді беретін заңды тұлғалар осы Заң қолданысқа енген күннен бастап алты ай ішінде осы Заңда көзделген талаптарды сақтай отырып әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өтулері не қайта тіркелулері тиіс.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК